



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

бірінші цифрлық аурухана болып табылады, барлық жұмыстар қағазсыз, электронды түрде жұмыс жасайды. АҚШ Бирмингем қаласында 12,5 миллиард АҚШ долларын инвестициялауды жоспарлап отыр, олар 1000-нан астам компьютерді жабдықтайды және 290 төсек болатын цифрлық аурухананы салады. Электрондық ақпарат, сымсыз желі технологиясы арқылы науқастың деректерін автоматты түрде жинау, өңдеу және алу, науқастар интернет арқылы онлайн түрде ауруханаға тіркеліп төсек орын ала алады. Ауруханадағы әрбір науқаста денсаулық монитормы болады, егер де жағдай болған кезде дәрігерлер мен медбикелерді хабарласа аласа, нақты тұрған орныңыз туралы ақпарат бере аласыз [2].

Яғни, қызмет көрсету салаларын цифрландыру халыққа көп қолайлылық әкелмек:

1. Жұмыс сапасының артуына алып келеді
2. Жұмыс көлемі өсетін болады
3. Халықтардың қағаз бастылықтан бас тартатын болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы - <http://mic.gov.kz>
2. Айқын газетасы - <https://aikyn.kz>

ӘОЖ: 330.88

ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ ЦИФРЛАНДЫРУ ҮЛГІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Есболова Айгерім Сапарбайқызы, Нұржанова Жұлдызай Нұржанқызы
aygerim.esbolova@mail.ru, nurzhanovaa99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультетінің

Э-11 студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Н. Досмағанбетов

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайын Қазақстан халқына өз Жолдауын арнап, тәуелсіз Қазақстанның дамуының басты бағыттарын белгілеп келеді. Соның нәтижесінде егемен еліміз әрқашанда жаңа биіктерді бағындырып, бүгінгі күні «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдаған, ең дамыған 30 елдің қатарына жету мақсатын көздеген айбынды мемлекетке айналды. Енді осы ұлы мақсаттарға жетудің жаңа тарихи дәуірі басталды. Елбасымыз халыққа «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын жариялап, өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделудің және табысқа жетудің 10 міндетін атап көрсетті. Оның ішінде, ең алдымен индустрияландыруға, әсіресе кәсіпорындарды жаңғыртуға және цифрландыруға, кешенді ақпараттық-технологиялық платформаларды белсенді түрде енгізуге, «Ақылды технологиялар» арқылы аграрлық ғылымды дамытуға, көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыруға, құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізуге, қаржы секторын қайта жаңғыртуға айрықша назар аударылып отыр. Соның ішінде, ақпараттық экономикаға басты назар аударды [1].

Жалпы «ақпараттық экономика» дегеніміз не? Ақпараттық экономика – қоғамдық компьютерленген инновациялық интеллектуалды ұдайы өндіріс экономикасы (өндіріс, өнеркәсіп, жинақтау, ауысым, материалдық және рухани, жинақтау, айырбас, жиынтық қоғамдық өнімді оның материалды не рухани іске асырылған түрлерін тұтыну және тарату). Ақпараттық экономика қоғамдық өндірістің және тұтынушылықтың даму кезеңдерінің бірі болып табылады. ХХІ ші ғасырдың басында ақпараттық экономика әлеуметтік-шаруашылық құрылымдар қоғамдануының ең жоғары құрылымы болып және индустриалды даму дәуірінен кейінгі өнеркәсіпке негізделеді. Ақпараттық экономика жағдайында адам кертартпалық жұмыс күші мен кертартпалы-ой еңбегінен арыла отырып, шығармашылық

еңбек пен кәсіпкерлік қызметке көп уақыт бөледі. Кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі ынта мен тәуекел ақпараттық қамтамасыздандырумен қоса жүрмейді. Мұнда мақсаттық орнатушылық ең көп пайда табуға бағытталған. Сонымен, ақпараттық экономика - экономикалық адамдар арасындағы ақпараттық технологиялар және әртүрлі меншіктіктің қалыптарын қолдану жағдайларындағы қарым-қатынастар деп қорытындылауға болады [2].

Осы ақпараттық экономиканы қалыптастыру және дамыту үшін 2018 жылы 10 қаңтарда Елбасының жаңа жолдауы қабылданды. Жолдауға сәйкес жазға қарай елімізде «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылуы белгіленді. Тұтастай алғанда, бағдарламаның басты мақсаты - қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру. Құжатты жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін интернет қолданушылардың санын 80 пайызға дейін арттыру, тұрғындардың 95 пайызын цифрлық хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын 80 пайызға дейін арттыру көзделуде. Жалпы «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына тоқталып өтетін болсақ, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының негізі былтыр «Зерде» ұлттық холдингінің базасында әзірленген болатын. Холдинг төрайымы Әсел Жиенбаеваның айтуынша, «Цифрлық Қазақстан» тек бір ғана IT саласын емес, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағытталған ерекше бағдарлама. Оның айтуынша, жобаның басты мақсаты – ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, халықтың әл-ауқатын көтеру. Жоба негізгі 4 бағыт бойынша жүзеге асатын болады.

1. «Экономика салаларын цифрландыру» - еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты.

2. «Цифрлық мемлекетке көшу» - қажеттіліктерін күні бұрын біліп халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты.

3. «Цифрлық Жібек жолын іске асыру» - ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты.

4. «Адами капиталды дамыту» - жаңа жағдайға - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты.

5. «Инновациялық экожүйені құру» - бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы орнықты көлденең байланыстармен технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамыту үшін жағдай жасау бағыты. Мемлекет инновацияларды өндіріске шығаруға, бейімдеуге және енгізуге қабілетті экожүйе катализаторы ретінде әрекет етеді. Елбасы өз жолдауында айтқандай: «Егер біз стратегиямызды мүлтіксіз орындап, ынталы еңбек етсек, онда біз орталық азияның нағыз барысы бола аламыз және ұлт тұтастығына, әлеуметтік әділдікке және барша халықтың экономикалық жақсы тұрмысына сай тәуелсіз мемлекет ретінде – дамушы елдер үшін үлгіге айналамыз» - дейді. Сондықтан біз Елбасы бекіткен ұлт жоспарын жүзеге асыруымыз қажет. Олар:

1. Электронды сауда;
2. Шағын және орта бизнес бағытын цифрландыру;
3. Мемлекеттік мекемелерді цифрландыру;
4. Киберқауіпсіздікті күшейту;
5. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту үшін ақпараттық коммуникациялық технологияларға қолдау білдіру;
6. «Ақылды қала» жобасын толыққанды жүзеге асыру;
7. Бастауыш және орта білімді цифрландыру;
8. IT-startup халықаралық технопаркін құру;
9. Медициналық әлеуметтік сақтандыру қорының жүйесін қалыптастыру.

Соның ішінде, «Цифрлы экономика» бағытына баса назар аударып отыр. Соған байланысты Цифрлы экономика саласында өзіміздің кадрлық, интеллектуалдық,

технологиялық басымдықтарымызды жетілдіру үшін төмендегідей бағыттар бойынша әрекет жасауды ел басымыз өз жолдауында ұсынды:

1) экономиканың барлық саласында цифрлы технологияны енгізу үшін заманға сай нормативті база құру, мемлекеттің, бизнес пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шешімдер қабылдау;

2) өндірістерді цифрландыру жолымен жүретін, мәліметтердің мол қорын талдап-саралаумен белсенді айналысатын компанияларға қолайлы жағдайлар жасап, қолдау көрсету;

3) цифрлы экономиканың өзіндік дамуына жол ашатын мемлекет-жекеменшік серіктестігі негізінде цифрлы экономиканың инфрақұрылымын құру, тосқауылдарды алып, бизнеске кедергі жасамау;

4) цифрлы экономика саласы бойынша мамандар даярлауды ұлғайту және жалпы цифрлы сауаттылыққа қол жеткізу;

5) Ел Президентінің «Бесінші жол» мақаласында көрсетілгендей, оның үш алыбы – басқарудың техника-технологиялық, валюта-қаржылық және әлеуметтік-саяси құрылымдарын инновациялық дамыту жолы арқылы тиімді мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету.

Яғни, бұл бағдарламалар толығымен орындалса, 2025 жылға қарай мынадай жағдай орын алады:

1. Басым салалардың әрқайсысында еңбек өнімділігінің деңгейін әлемнің алдыңғы 30 елінің деңгейіне дейін көтеру.

2. Басым салалардағы бәсекеге қабілетті экспорттық өндіріс.

3. Қазақстан Республикасының ірі компанияларын капиталдандырудың принципіалды түрде жаңа деңгейге шығуы.

4. Жергілікті дамыған электрондық сауда.

5. Көлеңкелі экономиканың үлесін әлемнің алдыңғы 30 елімен теңдес деңгейге дейін төмендету.

6. Бағдарлама ЖІӨ-дегі ІТ-секторының үлесін 2020 жылға дейін 5 пайызға жеткізу. ІТ-секторында 150 мың жаңа жұмыс орны ашу.

7. Еңбек өнімділігі 37 пайызға жеткізу. Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру да басты міндет, ол 85 пайызға дейін жеткізу көзделуде [3].

Тағы бір айта кететін жағдай Қазақстанда цифрландыру дәл бүгін жасаланып жатқан дүние емес. Оған дәлел 2013 жылы 8 қаңтарда қабылданған «Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасы. Қазіргі күні осы бағдарлама негізінде көптеген жетістіктерге жетіп отырмыз. Оған бір ғана мысал келтіруге болады, ол – Egov жүйесі немесе Қазақстанның электронды үкіметі. Дәл осы жүйенің көмегімен бүгінде жүздеген операцияны компьютер алдында отырып-ақ жүргізе аламыз. Құжат рәсімдеу, коммуналды қызмет түрлерінің ақысын, салық, айыппұл, сақтандыру және өзге де қызмет түрлерін үйде отырып төлеуге кез-келген қазақстандықтың мүмкіндігі бар. Сонымен қатар биыл Қазақстан мектептерінде электронды күнделік қолданысқа енгізілді. Сонымен қатар, педагогтар да атқарған жұмыстарының есебі мен жоспарларын қағаз күйінде емес, электронды үлгіде тапсыра алады. Ал, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында бұл жүйенің жұмысы одан әрі жетілдірілмек [4].

Осы орайда, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын одан әрі қалай дамытамыз? деген сұрақ туады. Бұл сұрақтың жауабы ретінде шетел тәжірибесін алар едім. Атап айтқанда, цифрлық технологияны жүзеге асыруда үлкен жетістіктерге жеткен Австрия, Дания, Австралия, Канада және Сингапур секілді елдерден үйренеріміз мол. Мәселен, Австрия астанасы Венада қалалық бюджетті әзірлеуде жоспарлаудың «цифрлық» принципі қолданылады. Нәтижесінде, қала қазынасында жыл сайын 2 миллион еуро үнемделеді екен. Ал, Бостонда (АҚШ) коммуналды қызмет түрлерін бақылауға арналған мобильді қосымша іске қосылғалы бері тұрғындар тарапынан түсетін шағым 66 пайызға қысқарған. Тағы бір мысал, цифрлық технологияның ауылшаруашылыққа қолдануындағы шетел тәжірибесіндегі әсерін қарастырсақ. Мәселен, әлемдегі №1 миллиардер Билл Гейтс ойлап тапқан «Оракул»

деген компьютерлік бағдарлама ауылшаруашылық жерлерінің хал-ахуалын санаулы ғана уақыт ішінде талдаудан өткізіп, қандай жағдайда екенін айтып бере алады. Дәл қазір Қазақстанда егістік мен жайылым көбі жекенің қолында және пайдаланылмай жатқаны белгілі. Ал аталған бағдарлама сол жер иелерінің кім екенін, жерді қанша уақыттан бері пайдаланбай жатқанын анықтай алады. Бұдан бөлек денсаулық сақтау және білім беру салаларында шетел тәжірибелерін қолдануымыз қажет. Демек, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы шарықтап дамудың, болашақтың кілті [5], [6], [7].

Қорытындылай келе, цифрлы экономика ол біздің болашағымыз. Елбасымыз айтқандай: «Бізде уақыт талабын лайықты қабыл алып, елімізді одан әрі жаңғырту жөніндегі міндеттерді орындаудан басқа жол жоқ. Біздің ұлы халқымыз бірегей тарихи мүмкіндікті толықтай пайдалана алатынына сенемін»,—деген сөзі үлкен мақсатқа жетуді ынталандырады. Сондықтан Елбасының биылғы Жолдауы – заманға сай тарихи өрлеу дәуіріне бастайтын, барша қазақстандықтарды ортақ мақсат жолында жұмылдыратын, әрбір азаматты нақты іс-әрекетпен өсуге жетелейтін, біртұтас ұлт болу қадамымызды айқындайтын өте маңызды құжат. Оны жүзеге асыру әрқайсымызға зор жауапкершілік жүктейді. Оны абыроймен атқару баршамыздың абыройлы міндетіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», 2018 ж. 10 қаңтар.
2. Т.У. Садықов, А.Т. Тілеухан. «Ақпараттық экономиканың зияткерлік бағдарланған қоғамның дамуындағы рөлі»//Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Экономикалық сериясы. 2011 - №3, www.repository.enu.kz
3. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсанда №827 Қаулысы.
4. «Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 464 Жарлығы.
5. Нариман Төреғалиев. «Цифрлық теңсіздікті жою-уақыт талабы» //Егемен Қазақстан газеті, 19.02.2018.
6. Сұңғат Әліпбай. «Цифрландыру туралы не білеміз?» //Егемен Қазақстан газеті, 05.12.2017.
7. Ақсерік Әйтімов. «Біздің келешегіміз цифрлы экономика» // Айқын газеті, 10.02.2018.

ӘОЖ: 338.429.222(574)

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ РЕТІНДЕ

Ессұлтан Динара Қанатқызы, Сейфолла Айгүл Қуатқызы

dinara-124@mail.ru, kuatovna_shinee.97@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» мамандығының 3 курс студенттері,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Э.Тлесова

Ауыл шаруашылығы ел экономикасында ерекше маңызға ие. Бұл қоғамның тіршілік әрекетін сақтау үшін жағдайларды анықтайтын ұлттық экономиканың негізгі салаларының бірі. Оның маңыздылығы халықтың тамақ өнімдерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруда ғана емес, сонымен қатар халықтың жұмыспен қамтылуына және бүкіл ұлттық өндірістің тиімділігіне айтарлықтай әсер ететіндігі.